ШЫМКЕНТ
ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ

ҚАУЛЫ

2026 жылғы 20 шілде

Шымкент қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 3412

город Шымкент

Қазақстан Республикасы
Шымкент қаласы әкімінің аппараты
КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС

Шымкент қаласы жергілікті атқарушы органының 2026 жылға арналған төтенше резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін бөлу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 шілдедегі № 551 қаулысына, Шымкент қаласы Еңбекші ауданы әкімінің 2026 жылғы 20 мамырындағы № 1 шешіміне, Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиясының 2026 жылғы 20 мамырдағы жоспардан тыс отырысының № 4 хаттамасына, Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Е. Сейтеновтың 2026 жылғы 17 маусымдағы № 01-06-16/717-Қ/Х қызметтік хатына және Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының 2026 жылғы 1 шілдедегі № 39/7-Қ/Х салалық қорытындысына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласы жергілікті атқарушы органының 2026 жылға арналған төтенше резервінен Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Елтай тұрғын алабында нөсерлі жаңбыр салдарынан жарияланған табиғи төтенше жағдайды жою және зақымдалған нысандарды қалпына келтіру жөніндегі жұмыстардың шығындарын өтеуге Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасына 599 526,0 (бес жүз тоқсан тоғыз миллион бес жүз жиырма алты) мың теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Осы қаулының орындалуы Шымкент қаласы қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының басшысы Ә. Оңғарға және Шымкент қаласы қаржы басқармасының басшысы Р. Бақтыбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары А. Кәрімовке және Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Е. Сейтеновке жүктелсін.

Шымкент қаласының әкімі **Ғ. Сыздықбеков**

0037279